

АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/271 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 8 мамырда № 11008 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 15 наурыздағы № 77 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.03.2021 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытууды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41-2)тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 08.06.2020 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Инвестициялық саясат және қаржы құралдары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Казақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2015 жылғы 7 сәуір

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 3 сәуір

A. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 9-3/271 бұйрығымен
бекітілген

АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидалары

Ескеरту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 08.06.2020 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 1-тармағының 41-2) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарға (бұдан әрі – дайындаушы үйымдар) есептелген қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасын субсидиялау және "АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарға есептелген қосыған құн салығы шегінде бюджетке

төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйим (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) – ауыл шаруашылығы өнімін дайындауды, сақтауды, тасымалдауды және өткізуді жүзеге асыратын аккредителген заңды тұлға;

2) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін, көрсетілетін қызметті беруші айқындайтын тұлға;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

4) өтінім – көрсетілетін қызметті алушының есептелген ҚҚС шегінде бюджетке төленген ҚҚС мөлшерінде субсидиялар алуына арналған электрондық өтінім;

5) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроОнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

6) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидиялау процестерін орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған "электрондық үкімет" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасауға, субсидиялар алуға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігіне автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

7) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісіне орналастырылған субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы;

9) "электрондық үкімет" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар

субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізу дің бірынғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

3. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы саласында функцияларын іске асыратын құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) қаржы жылышының әрбір тоқсанының қорытындысы бойынша не күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша субсидиялауды жүзеге асырады.

4. Көрсетілетін қызметті беруші ағымдағы жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде веб-порталда Қаржыландыру жоспарын орналастырады.

2-тaraу. Субсидиялар алушылар

5. Субсидиялар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/278 бұйрығымен бекітілген АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11065 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері) аккредиттеген көрсетілетін қызметті алушыларға төленеді.

3-тaraу. Субсидиялар алу шарттары

6. Субсидия мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасы мөлшерінде субсидиялар аударуға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электронды түрде беруі.

Қаржы жылышының 1, 2 және 3-тоқсан қорытындылары бойынша ҚҚС сомасын субсидиялауға арналған өтінім ҚҚС бойынша салық кезеңдері үшін декларацияны ұсыну бойынша салық міндеттемесі орындалғаннан және бюджетке төленуге жататын ҚҚС сомасы толық төленгеннен кейін беріледі.

Қаржы жылышының 4-тоқсанына ҚҚС сомасын субсидиялауға арналған өтінім ҚҚС, корпоративтік табыс салығы бойынша салық кезеңі үшін декларацияны ұсыну бойынша салық міндеттемесі орындалғаннан және бюджетке төленуге жататын ҚҚС сомасы толық төленгеннен кейін беріледі.

Күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша ҚҚС сомасын субсидиялауға арналған өтінім ҚҚС, корпоративтік табыс салығы бойынша есепті жылдың

салық кезеңдері үшін декларацияны ұсыну бойынша салық міндеттемесі орындалғаннан және бюджетке төленуге жататын ҚҚС сомасы толық төленгеннен кейін беріледі.

Субсидияларды беру процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ субсидияларды берудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын субсидияларды алуға қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

"Электрондық үкімет" веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өтінімді тіркеу;

3) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өндейтін ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде көрсетілетін қызметті алушының ауыл шаруашылығы өнімін өткізгенін растау (көрсетілетін қызметті алушының тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

4) мыналарды:

корпоративтік табыс салығы бойынша декларациядан (күнтізбелік жыл үшін өтінім берген жағдайда) алынған мәліметтерге сәйкес не көрсетілетін қызметті алушы корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны (күнтізбелік жыл үшін өтінім берген жағдайда) ұсыну бойынша салық міндеттемесін орындағаннан кейін есепті жылдың барлық тоқсандары үшін жиынтық түрде осы талапты растаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы жазып берген шот-фактуралар бойынша мәліметтерге сәйкес Заңының 11-бабы 5-тармағында көзделген ауыл шаруашылығы өнімін өткізуден түсken кірістің кемінде 90 пайыз кіріс сомасы;

алдыңғы күнтізбелік тоқсан немесе жыл үшін декларация бойынша төлеуге есептелген және есепке жазылған ҚҚС сомасы;

алдыңғы күнтізбелік тоқсан немесе жыл үшін есептелген шегінде төленген ҚҚС сомасы;

субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен Қазақстан Республикасының интеграцияланған салықтық ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимылы немесе осы Қағидаларға 1-қосымшаның есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн сомасы мөлшерінде субсидиялар аударуға арналған өтінімге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындаушы ұйым жөніндегі

мәліметтерді агроенеркесіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның сұранымына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының ұсынуы бойынша мәліметтерді растау.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.12.2020 № 366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Субсидияларды беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде іркіліс болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші туындаған жағдай туралы көрсетілетін қызметті жеткізушиге техникалық іркелістердің пайда болуы анықталған сәттен бастап, дереу хабар береді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін өнім беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

4-тaraу. Субсидияларды есептеу тәртібі

8. Көрсетілетін қызметті алушыларға субсидиялар алдыңғы күнтізбелік тоқсаның немесе жылдың салық кезеңдері үшін есептелген ҚҚС шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасы бойынша төленеді.

Субсидияларды есептеуді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 813 қаулысымен бекітілген Агроенеркесіптік кешен саласындағы көрсетілетін қызметті алушыларға субсидияланатын қосылған құн салығы сомасының мөлшерін айқындау үшін қолданылатын, жеке қосалқы шаруашылықтан сатып алынған ауыл шаруашылығы өнімінің нақты көлемінің нормаларын ескере отырып, осы Қағиларға 1-қосымшага сәйкес есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасы мөлшерінде субсидиялар аударуға арналған өтінімге 2-қосымшага сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жүргізеді.

9. Егер, көрсетілетін қызметті алушы өткізген өнімнің нақты құны осы Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасына субсидияларды есептеу кезінде көрсетілетін қызметті алушы қолданатын ауыл шаруашылығы өнімі бірлігінің барынша жол берілетін құнынан жоғары болса, субсидиялар барынша жол берілетін құнын пайдалана отырып есептеледі.

10. Егер, көрсетілетін қызметті алушы өткізген өнімнің нақты құны осы Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасының субсидиясын есептеу кезінде көрсетілетін қызметті алушы қолданатын ауыл шаруашылығы өнімі бірлігінің барынша жол берілетін құнынан төмен болса, субсидиялар мөлшері өнімнің нақты құнын пайдалана отырып есептеледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушы тиісті тоқсанның немесе жылдың салық кезеңдері үшін декларациялар бойынша төлеуге есептелген ҚҚС сомасынан аз ҚҚС сомасын төлеген жағдайда субсидиялар мөлшері нақты төленген ҚҚС сомасына тең болады.

11. Көрсетілетін қызметті алушы алдыңғы күнтізбелік тоқсан немесе жыл үшін декларациялар бойынша есептелгеннен артық ҚҚС сомасын төлеген жағдайда, субсидиялар мөлшері тиісті күнтізбелік тоқсан немесе жыл үшін декларациялар бойынша төлеуге есептелген ҚҚС сомасына тең болады.

5-тaraу. Субсидияларды төлеу және субсидиялар шегінде алынған қаржы құралдарын қайтару тәртібі

12. Өтінім қабылдау көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері (занды мекенжайы) бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанынан 1 желтоқсаны (қоса алғанда) аралығында жүзеге асырылады.

Өтінімнің қабылданғанын субсидиялаудың ақпараттық жүйесіндегі көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетіндегі" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы тиісті мәртебе растайды.

13. Веб-портал арқылы тізілім деректеріне (бұдан әрі – жеке кабинет) қолжетімділік беру үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өз бетінше тіркелуі үшін ЭЦҚ-сы болады;

2) көрсетілетін қызметті беруші жыл сайын көрсетілетін қызметті жеткізушиге ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімдерін жібереді.

14. Көрсетілетін қызметті алушы Жеке кабинетте тіркелуі үшін мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) занды тұлғалар үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі, толық атауы; бірінші басшының немесе Жеке кабинетте тіркелуге уәкілдегі адамның аты, экесінің аты (бар болса), тегі және жеке сәйкестендіру нөмірі.

2) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы);

3) екінші деңгейдегі банктің ағымдағы шотының деректемелері;

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгерtedі.

15. Өтінімді қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 6-тармағының 3) және 4) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің тексеруі үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде оған көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы қойылу жолымен тіркеледі және көрсетілетін қызметті берушінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Көрсетілетін қызметті берушінің электрондық мекенжайына қарауға өтінім келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Егер, көрсетілетін қызметті беруші төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде қателер анықталса, көрсетілетін қызмет алушы себебін көрсете отырып, өтінімді қайтарып алуға құқылы.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің маманы өтінімді ЭЦК пайдалана отырып, қол қою арқылы қабылдайды және тіркейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің қаржыландыру және бухгалтерлік есеп бөлімінің жауапты орындаушысы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шотын қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы субсидияның аударылғаны туралы хабарламаны не осы Қағидалардың 18-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды дайындайды.

17. Көрсетілетін қызметті берушінің маманы тіркелген өтінімді растиғаннан кейін өтінім тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ЭЦК-ны пайдалана отырып, оған қол қою арқылы көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама не осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама жібереді. Осы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілетін қызметті алушының Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсетеу үшін қажетті ұсынылған деректердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда бас тартады.

19. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес өтінім қабылданғаны расталғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде веб-порталда "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем шотын қалыптастырады.

Субсидиялар көлемі Қаржыландыру жоспарында тиісті айға көзделген бюджет қаражатының көлемінен асатын өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу келесі айда кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

6-тaraу. Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық манзызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы саласында функцияларын іске асыратын құрылымдық бөлімшесі және (немесе) лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің, агроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі егер уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілуі мүмкін.

21. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

22. Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

АгроОнеркәсіптік кешен
саласындағы дайындауши
ұйымдарға есептелген қосылған
күн салығы шегінде бюджетке
төленген қосылған күн салығы
сомасын субсидиялау
қағидаларына 1-қосымша

Ескеरту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.12.2020 № 366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кімге:

(облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы)

Кімнен:

(дайындаушы үйимның атауы)

Өтінім берушінің өтінім берген сәтте мемлекеттік кірістер органдарында тіркеліп

есепке алынған орны:

Есептелген қосылған күн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған күн салығы сомасы мөлшерінде субсидиялар аударуға арналған өтінім

жылғы тоқсан немесе жыл үшін

Маған жылғы ____ тоқсан немесе ____ жыл үшін есептелген шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) сомасы мөлшерінде _____ теңге көлемінде субсидия төлеуді սұраймын.

1. Дайындаушы үйимның деректері:

атауы

БСН

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

мекенжайы:

телефон (факс) нөмірі:

2. Дайындаушы үйымның екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотының мәліметтері:

БСН

Кб€

банк деректемелері:

банктиң атауы:

БСК

ЖСК

3. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші, ауыл шаруашылық кооперативтері мен дайындаушы ұйым арасындағы сатып алу-сату шаржөніндең мәдіметтер:

P/ с №	А уыл шаруашылығы өнімін сатушының атауы және ЖСН-сы/БСН-сы	Шарттың нөмірі	Шарттың жасалған күні	Бағасы (тенге)	А уыл шаруашылығы өнімін сатушының орналасқан жерінің мекенжайы	А уыл шаруашылығы өнімінің атауы	Өнім көлемі, килограмм	Төлеу мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								
2								

4. Дайындаушы ұйымның ауыл шаруашылығы өнімінің өткізілгенін растайтын шот-фактуралары туралы мәліметтер:

шот-фактура нөмірі _____
 берілген күні _____
 ауыл шаруашылығы өнімінің атауы _____
 өлшем бірлігі _____
 ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі _____
 ҚҚС-мен бағасы (тенге) _____
 бүкіл өткізу құны (тенге) _____

5. Салық декларациясынан алынған мәліметтер:

(тенге)

1.	____ жылғы ____ тоқсан үшін не ____ жыл үшін декларациялар бойынша төлеуге есептелген ҚҚС сомасы
2.	____ жылғы ____ тоқсан үшін не ____ жыл үшін декларациялар бойынша бюджетке төленген ҚҚС сомасы
3.	____ жылғы ____ тоқсан үшін не ____ жыл үшін өнімді өткізуден түскен кіріс сомасы
4.	____ жылғы ____ тоқсан үшін не ____ жыл үшін "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 5-тarmaғында белгіленген тізбе (бұдан әрі – тізбе) бойынша өнімдерді өткізуден түскен кіріс сомасы
5.	Тізбе бойынша өнімді өткізуден түскен кірістің жалпы сомасындағы кірістің үлес салмағы (кемінде 90 пайыз)
6.	Дайындаушы ұйымның шотына аударылатын субсидиялар сомасы
7.	Мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдағаны туралы деректемелері

Дайындаушы ұйым жөніндегі мәліметтер осы өтінімге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса беріледі.

Субсидиялар сомаларының есептемесі осы өтінімге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса беріледі.

Тексеру кезінде ұсынылған мәліметтердің және субсидиялар сомалары есептеулерінің сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, он жұмыс күні ішінде заңсыз алынған қаражатты қайтаруға міндеттенеміз.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өндөуге келісім беремін.

Өтінім беруші 20__ жылғы "__" _____ сағат __ қол қойып, жіберді:

ЭЦҚ-дан алғынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

ЭЦҚ-дан алғынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

Кбе – Бенефициардың коды;

БСК – банктік сәйкестендіру коды.

Есептелген қосылған құн
салығы шегінде бюджетке
төленген қосылған құн салығы
сомасы мөлшерінде субсидиялар
аударуға арналған өтінімге
1-қосымша

Нысан

Дайындаушы ұйым жөніндегі мәліметтер

____ жылдың ____ тоқсаны үшін немесе ____ жыл үшін

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

тенге

№	Дайындаушы ұйымның атауы	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Салықтық есептілік деректері бойынша өнімді сатудан түсken табыс сомасы	____ жылғы ____ тоқсан үшін немесе ____ жыл үшін жеке шот бойынша есептелген төлеуге және есепке жазылған қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) сомасы	____ жылғы ____ тоқсан үшін немесе ____ жыл үшін (жеке шот бойынша) есептелген шегінде төленген ҚҚС сомасы

Басшы _____
 (аты, экесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Есептелген қосылған құн
 салығы шегінде бюджетке
 төленген қосылған құн салығы
 сомасы мөлшерінде субсидиялар
 аударуға арналған өтінімге
 2-қосымша
 Нысан

____ жылғы ____ тоқсан үшін немесе ____ жыл үшін

СУБСИДИЯЛАР СОМАЛАРЫНЫҢ ЕСЕПТЕМЕСІ

							(тенге)
P/c №	Шот-фактураның нөмірі	Толтырылған күні	Алушының атауы	Тауардың атауы	Саны (көлемі)	Тауар бірлігінің қосылған құн салығысыз (бұдан әрі – ҚҚС) бағасы	
1	2	3	4	5	6	7	

КЕСТЕНІҢ ЖАЛГАСЫ

Тауардың ҚҚС-сыз құны	ҚҚС сомасы	Өнім бірлігінің ҚҚС-сыз барынша жол берілетін құны	Өткізуудің барынша жол берілетін құны бойынша ҚҚС-сыз сомасы	ҚҚС сомасы	Субсидиялауга жататын ҚҚС сомасы*
8	9	10	11	12	13
8-баган= 6-баган x 7-баган	9 - баған = 8 - баған x 12%		11-баган = 6-баган x 10-баган	12 - баған = 11 - баған x 12%	1) егер 7-баған 10-бағаннан көп немесе тең болса, 13-баган= 12-баған; 2) егер 7-баған 10-бағаннан кем болса, 13-баган= 9 -баған

Ескертпе: * субсидиялауга жататын ҚҚС сомасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 813 қаулысымен бекітілген агроенеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға субсидияланатын қосылған құн салығы сомасының мөлшерін айқындау үшін қолданылатын, жеке қосалқы шаруашылықтан сатып алғынған ауыл шаруашылығы өнімінің нақты көлемінің нормалары ескеріле отырып, салық төлеушінің жеке шоты бойынша есептік жылға есептелген шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасынан аспауға тиіс (Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/271 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11008 болып тіркелген) бекітілген АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қафидаларына 1-қосымшаның 4-тармағына сәйкес мәліметтер).

АгроОнеркәсіптік кешен
саласындағы дайындаушы
үйымдарға есептелген
қосылған құн салығы шегінде
бюджетке төленген қосылған
құн салығы сомасын
субсидиялау қафидаларына
2-қосымша

"АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті аткаруышы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Отінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	порталға жүтінген сәттен бастап – 3 (үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	субсидияның аударылғаны туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет занды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының (бұдан әрі – заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (корсетілетін қызметті алушы жұмыс

7	Жұмыс кестесі	уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына және заңың 5-бабына сәйкес жүгінген кезде етінімдерді қабылдау немесе Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: 1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында; 2) Мемлекеттік органдардың https://gov.kz интернет-ресурстарының бірынғай платформасында орналастырылған.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Қызметті алушы порталға көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында субсидия алуға етінімді ұсынады . Отінімдер есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанынан 1 желтоқсанына дейін (коса алғанда) қабылданады.
9	Казақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы ; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің Казақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/271 бүйрекімен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11008 болып тіркелген) АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қагидаларында белгіленген шарттарға сәйкес келмеуі.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Бірынғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірынғай байланыс орталығы: 1414.

АгроОнеркәсіптік кешен
 саласындағы дайындаушы
 ұйымдарға есептелген қосылған
 құн салығы шегінде бюджетке
 төленген қосылған құн салығы
 сомасын субсидиялау
 қагидаларына
 3-қосымша

Есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасына субсидияларды есептеу кезінде көрсетілетін қызмет алушы қолданатын ауыл шаруашылығы өнімі бірлігінің барынша жол берілген күні

(тенге)

№	Тауардың атаяуы	Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім сыйыптауышының кодтары	Өлшем бірлігі	Барынша ж ол берілген күны
1	2	3	4	5
1.	Тірі ірі қара мал		килограмм	471
2.	Тірі жылқылар және басқа да жылқы тұқымдас жануарлар	014310	килограмм	554
3.	Тірі түйелер	014410	килограмм	534
4.	Тірі қойлар мен ешкілер	0 1 4 5 1 1 , 014512	килограмм	480
5.	Тірі шошқалар	014610	килограмм	394
6.	Тірі үй құсы	01471	килограмм	266
7.	Тауықтың жаңа қабықты жұмыртқасы	014721	ондық	148
8.	Ірі қара малдың жас немесе салқындағылған еті	101111	килограмм	1 079
9.	Қойлардың, ешкілердің жас немесе салқындағылған еті	1 0 1 1 1 3 , 101114	килограмм	1 072
10.	Шошқалардың жас немесе салқындағылған еті	101112	килограмм	846
11.	Жылқылар мен жылқы тұқымдас жануарлардың жас немесе салқындағылған еті	101115	килограмм	1 240
12.	Сүтті табындағы ірі қара малдың шикі сүті	014120	килограмм	78
13.	Үй құсының жас немесе тоқазытылған еті	101210	килограмм	504
14.	Картоп	011351	килограмм	55
15.	Сәбіз	011341	килограмм	62
16.	Қырыққабат	011312	килограмм	51
17.	Баялды	011333	килограмм	70
18.	Қызанақ	011334	килограмм	135
19.	Кияр	011332	килограмм	99
20.	Сарымсақ	011342	килограмм	420
21.	Пияз	011343	килограмм	38
22.	Қант қызылшасы	011371	килограмм	12
23.	Алма	012410	килограмм	182

24	Алмұрт	012421	килограмм	249
25	Айва	012422	килограмм	450
26	Өрік	012423	килограмм	211
27	Шие	012424	килограмм	242
28	Шабдалы	012425	килограмм	259
29	Қара өрік	012427	килограмм	202
30	Тұтілген жүн	101141	тонна	300 000
31	Ірі қара малдың терілері, иленбекен былғарылары	101142	бірлік	2 700
32	Жылқы тұқымдас жануарлардың терілері, былғарылары	101142	бірлік	2 500

Агрономеркесіптік кешен
саласындағы дайындаушы
ұйымдарға есептелген қосылған
құн салығы шегінде бюджетке
төленген қосылған құн салығы
сомасын субсидиялау
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Субсидияларды аудару туралы хабарлама

Күрметті _____

(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20___ жылғы "___ №_____ өтініміңіз бойынша "Агрономеркесіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсетілгенін және Сіздің №_____ есептік шотыңызға 20___ жылғы "___ төлем шотымен _____ теңге мөлшерінде субсидия сомасы аударылғанын хабарлаймыз.

Агрономеркесіптік кешен
саласындағы дайындаушы
ұйымдарға есептелген
қосылған құн салығы шегінде
бюджетке төленген қосылған
құн салығы сомасын
субсидиялау қағидаларына
5-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама

Күрметті _____

(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20____ жылғы "___" №_____ өтініміңіз бойынша "АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуден _____ себепті бас тартылды.